

АБАЙ ДАНАЛЫҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абай өлеңдері арқылы қазақстандық қоғамды рухани жаңғырту мәселесі туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мазмұнды мақаласында орынды ой қозғалғандығы рас. Енді, міне, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың да мақаласынан ой сабақтастығын аңғарамыз: «Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені, сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда, Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан, ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн».

Президентіміздің жоғарыдағы тұжырымдарымен мен де толықтай келісемін. Мен де Абайдың тағылымды туындылары Қазақстанның рухани жаңғыруының бірден-бір мотиваторы деп сенемін. Абай өзінің қарасөздерін афоризмдермен және халықтық мақал-мәтелдермен қаныққан, қол жетімді бейнелі формада жазған. Абайдың өлеңдері, әндері, қарасөздері – қазақстандықтардың эстетикалық талғамын тәрбиелеп, ой-өрісінің өсуіне, өмірді қабылдау философиясына, дүниетанымына оң әсерін тигізетін, барлығымызды даналыққа шақыратын, рухани дамуға бастайтын таусылмас мәдени қазыналарымыз, сарқылмас ұлттық құндылықтарымыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері рухани жаңғыру бағытында қаншама бөрекелі бастамалар, бірнеше баянды бағдарламалар, жарқын жобалар жүзеге асырылғандығын баршамамыз жақсы білеміз. Рухани жаңғыруды жандандырып, тарихи-мәдени құндылықтарымызға қайта қарауға, еркін санамен сараптамалар жасауға мүмкіндік туған шақта Елбасымыздың бастамасымен еңселі жұмыстар атқарылды. Осының барлығы Абай айтқан «ақылға бірліктің» арқасында, «әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылықтың» арқасында алға басты. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында талай тарихи-мәдени ескерткіштерімізді қалпына келтіру, абаттандыру шаралары жасалды. «Халық – тарих толқынында» бағдарламасын негізге ала отырып, әлемге әйгілі архивтерден елдік тарихымызға байланысты бірқатар құнды құжаттар жүйелі түрде хатталып, зерделенді.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасында Елбасымыз мемлекетіміздің имиджін мәдени жетістіктер арқылы көтеру керектігін атап өтті. Осы орайда, еліміздің өнерін әлемдік сахналарда әйгілеп жүрген әнші-бұлбұлымыз Димаш Құдайбергенді қазақстандық жастарға үлгі еткім келеді. Ол Елбасымыздың ерен бастамасын жас та болса, данадай жауапкершілікпен алып жүрген айтулы тұлғаға айналды. Қазақ, ағылшын, орыс, қытай, француз тілдерінде әндер шырқап, әлем назарын Қазақстанға қаратты. «...Ол қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан мәдениет болуға тиіс» деген Елбасымыздың есті сөзін ескеріп, еліміздің ұлы ақыны Абай өз туындыларын жазған тілдің мөрөйін биіктетіп, әлемдік жанкүйерлеріне қазақ тілінде ізденулеріне ізгілікті жол ашты. Міне, «Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылықты» бір бойына тоғыстырған Димаштай



жастың таланты қазіргі қазақстандық қоғамдағы жастарға ой салып, жақсылыққа ұмтылуларына жігер берсе деймін. Ендігі кезекте, өткен жылы өткізілген Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасына қатысып, өзіндік үлесін қосқан Димаш Құдайбергеннің репертуарын Абай әндерімен толықтырып, Абай және Димаш тандемі тұрғысынан керемет шұғылалы шығармашылық кеш өткізсек, игі болар еді.

Өзі өмір сүрген дәуір шыңынан қараған Абай ақын осы өлеңі арқылы қазақстандық қоғамды, жалпы адамзатты «партия жиып, пара алған» атанудан, «пейілі кедей бай» атанудан аулақ етуге ниеттенген секілді емес пе? Біздегі кейбір бизнесмен «көкелер»: «қосы біз Абай айтқандай, «пейілі кедей бай» емеспіз бе?» деп ойлана ма екен? «Мемлекет ісінің мүдделесі» болу туралы ойлануға, толғануға Абай сөздері себеп болу керек екендігін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та меңзеген: «Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипат

алды. Әлемнің түкпір-түкпірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткісі келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазға құмар адамдар туралы Абай: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып», – дейді. Расында, бұл – кез-келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс».

Абай ағартушы ретінде тәрбиенің құдіретіне сенді және адам бойындағы қадірсіз қылықтарды сынап қана қоймай, ол қылықтардың жөнделуіне, «толық адам» аталу үшін күш салуына өзін жауапты сезінді. Адамның мінезіндегі барлық жағымсыз қасиеттер мен көріністерден арылту жүгін, зұлымдықпен, әділетсіздікпен күресу жүгін Абай өзінің ақындық қаламына артты. Абайдың дүниетанымының қалыптасуына гуманистік идеяларды ұстанған шығыс ақындары мен ғалымдары Фирдоуси, Әлішер Науаи, Низами, Физули, Ибн Сина және басқалары, сонымен бірге, орыс классиктерінің шығармалары және солар арқылы жалпы Еуропа әдебиеті әсер етті. Ол И.Крыловтың ертегілерін, М.Ю.Лермонтовтың өлеңдерін, А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» туындысын, Гете мен Байронның өлеңдерін аударған. Бұл да – Абайдың интеллектуалдылық туралы сөз жүзінде айтып қана шектелмей, іс жүзінде өз талабын өзі де орындай алғандығының керемет гибратты көрінісі.

170-ке жуық өлеңдер жазған Абай – қазақ әдебиеті тарихында өлең құрау нұсқасын жаңа өлшемдермен және ұйқастарымен байытып, жаңаның басы болған ақын. Ол жаңа поэтикалық формаларды енгізді: сегіз, алты жолды өлеңдер. Бұл жаңалығы – Абайдың эмоционалды интеллектісінің шырқау шыңындай.

**Г. ЖУНИСОВ,
А. МУСАЕВ,
Е. МОЛДАБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
«Экономикалық заң және
аграрлық мамандықтарға
арналған дене тәрбиесі»
кафедрасының оқытушылары.**